Хат орындауға
Кіріске тіркеуге

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ**

**СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ**

060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3, тел: +7 (7122) 21-57-97; факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

060000, Республика Казахстан, Атырауская область, город Атырау, улица Сатпаева, 3А, тел: +7 (7122) 21-57-97; факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

10.05.2024 № 2301-24-5-21/6891

«Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты» ММ-не
/ЭҚАБЖ/

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты талап қоюшы «Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ЕркинСтройСервис» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, шартты бұзу туралы азаматтық ісі бойынша 2024 жылғы 02 сәуірде шыққан шешім көшірмесін орындау үшін жолдайды.

Қосымша: шешім көшірмесі 1 - дана.

**Судья** **А.Султангалиева**

*Орынд.: Исембаева Р. М.*
тел.: *8-7122-20-18-18, 712-2465@sud.kz*

Аудандық маңызы бар
Құлсары қаласы әкімінің аппараты
кіріс № 1050 „13" 05 2024 ж.

Құжатты жасаған: ИСЕМБАЕВА Р. М., 8-7122-20-18-18, 712-2465@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: СУЛТАНГАЛИЕВА А. Е., 10.05.2024 19:24

ҚР Жоғарғы соты Төрағасы ДЖ ЭСК тексеру нәтижесінде

2301-24-5-21/6891 10.05.2024

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 02 сәуір №2301-24-00-2/129 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі,

**ЖАУАПКЕР:**
жеке кәсіпкер «ЕркинСтройСервис»,

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Тараптар арасында 2023 жылғы 20 желтоқсанда жасалған көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №183 шартты бұзу туралы,

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:** (аудиобейнебайланыс арқылы)
талап қоюшы өкілі С.А.Аязбай,

**СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

2023 жылғы 20 желтоқсанда тараптар көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №183 келісім-шартқа (бұдан әрі – шарт) қол қойған. Шарт бойынша жауапкер Құлсары қаласының кіре берісіндегі аркасын жарық шамымен безендіру түріндегі қызметті көрсетуге міндеттенген. Шарттың орындалу мерзімі – келісім шартқа отырғаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 04 қаңтарға дейін деп белгіленген. Алайда жауапкер шартта көзделген міндеттемені орындамаған. Талап қоюшы сотқа жолдаған өз талабын жауапкердің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, жағымсыз салдар бар екенін екенін, өйткені Құлсары қаласының кіре берісіндегі арканың маңы қараңғы болып тұрғанын, осы себепті сырттан автомобиль жолымен қалаға кіргенде ол қаланың ҚҰлсары қаласы екені туралы жазу көрінбейтінін түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

**УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 273 баптарының талабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі– Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағында мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған шарттар бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаптарды қарау кезінде соттар әділдік пен парасаттылық өлшемдерін АПК-тің 6-бабының 6-бөлігіне сай негізге ала отырып, АК-нің 359-бабына сәйкес, өнім берушінің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негіздемесі және тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдар ретінде назарға алулары қажет.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін тиісті деңгейде орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін шартта көзделген мерзімде орындаған жоқ, шарт жасалған

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 09.04.2024

күннен бастап тиісті қызметті уақытылы орындамаған және талап қоюшы үшін жағымсыз салдар орын алған.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2024 жылғы 09 қаңтарда жүгінген. Көрсетілгендердің негізінде, №1 талап қою - талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

№2 талап қою бойынша

АК-нің 401-бабының 2-тармағының талабына сай, тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт: 1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде; 2) осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Сот отырысы барысында анықталғандай, жауапкер шартта көзделген міндеттемені тиісті дәрежеде орындамаған, бұл жағдай тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар болып табылады және жауапкер тарапынан шартты едәуір бұзған болып саналады. Талап қоюшының сотқа дейін дауды реттеу туралы жауапкерге жолдаған жазбаша хабарламалары нәтижесіз қалған.

Істің бұл тұрғысында, сот, жауапкер тарапынан шарт талаптарын едәуір бұзу орын алған, сондықтан талап қоюшының шартты бұзу туралы талабы орынды деп санайды. Алайда, істі қарау кезінде келісім шарттың әрекет ету мерзімі 2023 жылғы 31 желтоқсан болғандықтан, әрекет ету мерзімі аяқталған, сондықтан тараптар арасында шарттан туындайтын қарым-қатынас тоқтаған, сот шешімімен шартты бұзуды қажет етпейді. Мұндай жағдайда №2 талап қою қанағаттандырусыз қалдырылуға жатады.

Талаптың бұл бөлігі бойынша АПК-нің 117-бабына сәйкес сот шығыны бюджет есебіне жатады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 09.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.05.2024 Гульнур Султангалиева А. Е., 10.05.2024

2301-24-3-1/113

Талап қоюшы «Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ЕркинСтройСервис» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, шартты бұзу туралы талабы – ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ЕркинСтройСервис» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Талаптың тараптар арасында 2023 жылғы 20 желтоқсанда жасалған көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №183 шартты бұзу туралы бөлігі - қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Жауапкер «ЕркинСтройСервис» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «10» мамыр 2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 09.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.05.2024 Судья Султангалиева А. Е. 10.05.2024